www.aigak.kz
RESPÝBLIKALYQ APTALYQ GAZET
# АЙҒАҚ
MEDIA
Gazet Qazaqstan Jýrnalıstıka Akademıasynyń "Altyn Juldyz", Qazaqstan Jýrnalıster odaǵynyń Turar RYSQULOV jáne Sattar ERÝBAEV atyndaǵy syılyqtarynyń, "Altyn júrek" syılyǵynyń ıegeri
№21 /sársenbi/ 29 mamyr 2024 ж.

Анонс!
Zhas Project
ЖҰМЫССЫЗ ҚАЛҒАН ЖАСТАР 280 МЛН ТЕҢГЕ БЕРІЛЕДІ
2 - бетте



## БЕКТЕНОВ СУ ТАСҚЫНЫНАН ЗАРДАП ШЕККЕНДЕРГЕ КЕЛТІРІЛГЕН ЗАЛАЛДЫ БАҒАЛАУ ЖҰМЫСТАРЫН ОСЫ АПТАНЫҢ СОҢЫНА ДЕЙІН АЯҚТАУДЫ ТАПСЫРДЫ

ҚР Премьер-Министрі Олжас Бектеновтің төрағалығымен өткен Үкімет отырысында еліміздегі су тасқынының салдарын жою мәселесі күн тәртібінен тыс қаралды.

Үкімет басшысына вице-премьер Қанат Бозымбаев залалды өтеу алгоритміне сәйкес өңірлерде атқарылып жатқан іс-шаралар туралы баяндады.

Биылғы 28 мамырдағы мәліметке сүйенсек, республика бойынша 30 мыңнан астам отбасы 100 АЕК мөлшерінде біржолғы төлем алды. Аталған бағыттағы жұмыс бақылауға алынып, қажетті шаралар қабылданып жатыр.

15 мыңнан астам үй мен саяжай құрылыстары тексерілді, 11 134-і бойынша бағалау жүргізілді.

Атырау, Ақмола, Қостанай және Солтүстік Қазақстан облыстарының әкімдіктері тасқыннан зақымданған үйлерді тексеру және бағалау жұмыстарын аяқтады. Жалпы еліміз бойынша 9 мыңнан астам үй қалпына келтірілуге болатын құрылыс қатарына жатады. 4 315-і апатты жағдайда деп танылды.

ңірлер 1 847 үй мен пәтердің құрылысы басталды, қайталама нарықтан 3 417 тұрғын үй сатып алу жоспарланып отыр. Құрылыс маусымының қысқалығын ескере отырып, оқу жылының басына дейін зардап шеккен азаматтарға үйлер мен пәтерлер беру жоспарлануда.

«Әкімдіктерге Өнеркәсіп министрлігімен бірге тұрғындардың баспаналары мен мүліктеріне келтірілген залалды бағалау жұмыстарын осы аптаның соңына дейін аяқтауды тапсырамын.

Азаматтарымыздың қиын жағдайына түсіністікпен және жан-жақты мұқият қараңыздар. Жұмыстарды кешіктірмей, барынша тездету керек. Қанат Алдабергенұлы, қатаң бақылауда ұстаңыз», – деді Үкімет басшысы Олжас Бектенов.

**Primeminister.kz**

## КЕЛЕСТІК КӘСІПКЕР ҚЫТАЙ САПАРЫНАН СОҢ ЦЕХ АШТЫ



Өткен аптада Түркістан облысының әкімі Дархан Сатыбалды Келес ауданынан арнайы барды. Облыс басшысы бірқатар кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы нысандарын аралап, оларды дамыту жолдарын қарастырды.

Абай ауылындағы «Домалақ ана» тігін цехында болған өңір басшысы цех жұмысымен танысты.

Биыл наурыз айында іске қосылған өндіріс орнында 14 адам жұмыс істейді. Орташа жалақы 120 мың теңге көлемінде. Кәсіпкер өткен жылы облыс әкімінің тапсырмасымен Қытай Халық Республикасына аудан әкімімен барып, 16 тігін машинасы мен 1 дана көрпе тігетін станок сатып алған.

Кәсіпкер өз қаржысы есебінен, сонымен қатар қосымша «Ауыл аманаты» пилоттық жобасы аясында қаражат алып кәсібін дөңгелетіп отыр. Негізінен қыз жасауы, ұлттық нақыштағы көрпе-төсек, құрақ, ұлттық киімдер шығарады.

Бизнесті дамытып, қосымша жұмыс орындарын ашу үшін мемлекет тарапынан қолдау көрсетілмек. Тігін цехына 50 тігін машинасын сатып алынатын болды. Сондай-ақ «Күміс жас» жобасымен тігіншілер жұмысқа алынады. Бұл жобаға 50 жастан асқан жұмыссыз адамдар зейнеткерлік жасқа толғанға дейін қатыса алады.

Кәсіпорын негізінен Түркістан облысының нарығына өткізеді. Жобаның жалпы құны 408 млн теңге.

## «СЕЙІТЖАН ҚАРИ ЕСЖАНҰЛЫ» МЕШІТІ АШЫЛДЫ



Шымкентте "Сейтжан қари Есжанұлы" мешіті ашылды. Бір мезетте 12 мыңға жуық жамағат бас иетін зәулім мешіт Гиннестің рекордтар кітабына енбек. Салтанатты шараға Құран кітабын жазған тегі қазақ, ислам әлеміне танымал тұлға Осман Тоһа, еліміздің бас имам, жергілікті тұрғындардан бөлек, мұсылман елдерінен ғалым, хафиздар, қонақтар көптеп келді.

2014 жылы капсуласы салынған Алланың жердегі үйін қала халқы, жалпы мұсылман қауымы ерекше күтті. Күннің райы қолайсыз болғандықтан ашылу рәсімі мешіттің ішінде өтті. Осы сәтте мешіттің айналасына жиналған мыңдаған жамағат тілекші болып тұрды.

"Сейітжан қари Есжанұлы" атындағы үлкен мешіттің ашылуына арнайы келген саудиялық шейх, әйгілі каллиграф Осман Тоһаның бұл елімізге алғашқы сапары. Түбі Түркістаннан тараған ол атажұртына келгеніне шексіз қуанышты екенін жеткізді.

- Сіздермен кездесуге себепші болып отырған мешіттің ашылуына арнайы шақырған Сейтжановтар әулетіне алғысымды білдіремін. Қазақстан менің ата қонысым.  мірімде сол ата бабаларымның Отанын көруге бұйырғанына шын бақыттымын. Ата бабамның осындай жомарт халықтан шыққанына дән ризамын.. Барлықтарыңызға рахмет, деді мәдиналық шейх, каллиграф Осман Тоһа

Құран әріптерін үш жыл бойы көркемдеп жазып шыққан Осман Тоһаға Мемлекет басшысының атынан арнайы шапан жабылды. Ал, Бас мүфти мен жамағат мешттің бой көтеруіне ұйытқы болған Серікжан Сейітжановқа сый-сияпат табыстады.

Мегаполис мэрі Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың құттықтау тілегін жеткізді.

Шараға Сенат палатасынан Әли Бектаев, Мәжіліс мінберінен Данабек Исабеков қатысып, бас қаладан жолданған арнайы құттықтау хаттарын оқыды. Сенатор ізгілік пен бірліктің мекені саналатын мешіттің ашылуымен құттықтады.

Мешіт құрылысының идеясын ұсынушы «САУТС-ОЙЛ» компаниясының басшысы Серікжан Сейітжанұлы өзінің бастамасы, игі істі іске асырудағы мақсаты жайлы баяндады.

Сейітжан қари Есжанұлы атындағы Үлкен мешітке Серікжан Сейітжанұлының әкесінің аты берілген. Ол әйгілі ұстаз, математика пәнінің мұғалімі, Ұлы Отан соғысының ардагері, Орта Азия мемлекеттік университетінің елімізден шыққан алғашқы түлектерінің бірі болған. Бар ғұмырын ұстаздыққа арнап, кейін мектеп директоры болып қызмет еткен. Құлшылық пен дұға ету орны, әр жанға рухани ілім мен тәрбие беруші қасиетті мекен, халықтың дін туралы көзқарасына ықпал етуші, ағартушылық мәні бар насихат ордасы жайлы қоғам қайраткері жылы лебізін жеткізді.

Сейітжан қари Есжанұлы атындағы Үлкен мешіт Шымкент қаласының жаңа әкімшілік-іскерлік орталығында орналасқан. Мешіт 4 мұнарадан тұрады. Негізгі бас күмбездің биіктігі 56 метр. Бас қақпасынан ер азаматтар кірсе, сол жақ тұсындағы есік әйел адамдарға арналған. 12 мыңға жуық мінәжәт етушілердің сыю мүмкіндігі бар, ал кіреберіс алаңда бірден 10000-ға жуық келушілер жинала алады. Сондай-ақ, бұл ғимаратта 1100 орынға арналған конференц-зал, 600 орынға арналға ас беру орны, 100 орынға арналған неке қию залы, 428 орынға арналған кіші дәрет алу орны, медресе мен кітапхана бар. 300 балаға арналған медресеге құрметті қонақ Осман Тоһаның есімі берілді.

Келушілер көлігін ыңғайлы етіп қою үшін 2 қабатты автотұрақ та қарастырылған. Ішкі сәулеті де көз тартады. Қазақы нақышпен көмкеріліп, қабырғасына Құран сүрелері жазылған.

Сейітжан қари Есжанұлы атындағы жаңа мешіт оңтүстік өңірі тұрғындарының рухани орталығы ғана болмай, Шымкент қаласының көрнекті орындарының біріне айналмақ. Жоғарыда айтқанымыздай, мешіттің ашылуын қала халқы ұзақ күтті. Айтулы күні жергілікті тұрғындар кешеннің бой көтеруіне ықпал еткен жандарға ақ тілегін жеткізді.

Еліміздегі көлемі жағынан екінші орынды алатын, Гиннестің рекордтар кітабына енгелі жатқан мешіттің бас имамы болып белгілі ұстаз, исламтанушы, Құраннан 5 қырағат иесі, хафиз Ерсін Әміре бекітілді.

**Арайлым ӘБСАҒАТ.**

# NOMADIC INNOVATION HUB: СИНГАПУРДА ИННОВАЦИЯЛЫҚ ІТ-ХАБ АШЫЛДЫ




Nomadic Innovation hub — бұл Орталық Азияны Сингапурдың біріңғай өңірі ретінде ілгерілетуге, сондай-ақ ІТ-кәсіпкерлік саласындағы ынтымақтастыққа және фаундерлердің мықты қауымдастығын құруға жәрдемдесуге бағытталған жеке бастама, деп хабарлайды ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі.

Nomadic Innovation hub тәжірибелі сарапшылар мен халықаралық кеңесшілерді біріктіреді, олар бизнеске енді аяқ басқан кәсіпкерлердің табысты болуына жағдай жасау үшін бірлесіп жұмыс істейді. Бұл бастама жекелеген стартаптардың өсуіне ықпал етеді, сонымен қатар Қазақстанның, Орталық Азияның және жалпы әлемнің венчурлік нарығының дамуына елеулі үлес қосады.

ҚР цифрлық даму, инновациялар және аэрогарыш өнеркәсібі министрі Жаслан Мәдиев бұл хаб Сингапурдан жаңа стартап жобаларды тарту нүктесіне айналатынын және түркі елдерінің цифрлық шешімдерді қолдану аймағын кеңейту жөніндегі күш-жігерін біріктіретінін атап өтті.

«Біз Nomadiq Innovation Hub-қа Қазақстанның мүдделерін білдіретін мақсаттарға қол жеткізуде, атап айтқанда, қазақстандық ІТ-өнімдер экспортын ұлғайтуда және елімізге инвестициялар тартуда үлкен үміт артамыз. Бүгінгі таңда Қазақстанның стартаптар мен инновациялық жобаларды дамыту мен қолдауда айтарлықтай тәжірибесі бар екенін атап өткім келеді. Мысалы, бес жыл бұрын біз Astana Hub халықаралық ІТ-стартаптар технопаркін іске қостық, ол бес жыл ішінде стартаптар мен олардың құрылтайшыларын қолдауға бағытталған өнімдер мен қызметтердің кең спектрін қамтитын Орталық Азиядағы жетекші технопарктердің біріне айналды. Нәтижесінде, бүгінде Astana Hub резиденттерінің саны 1,403 қатысушыны құрайды, оның ішінде 388 шетелдік компания бар. Сондай-ақ Google, Draper University, StartX, Microsoft және Дүниежүзілік банк сияқты жаһандық серіктестерді тартып, азаматтар үшін ең үздік озық шешімдерге қол жеткізуге мүмкіндік бердік», - деді Жаслан Мәдиев.

Nomadic Innovation hub-тың миссиясы — стартаптарға жаһандық бәсекеге қабілетті тұрақты және инновациялық бизнес үлгілерін дамытуға көмектесу. Қазіргі уақытта 1 млн. АҚШ доллары көлемінде инвестициялық капитал тартылды.

Инновациялық хабтың негізгі мақсатты аймағы — Оңтүстік-Шығыс Азия, сонымен қатар, Біріккен Араб Әмірліктерінде де кеңейту жұмыстары жүргізілуде.

«Біздің негізгі мақсаттарымызға таңдалған жобаларға терең және жеке қолдау көрсету, тұрақты бизнес үлгілерін құруға көмектесу және жеке өсу стратегияларын әзірлеу кіреді. Сондай-ақ халықаралық нарықтарға шығу кезіндегі кедергілерді еңсеруге назар аударамыз және өңіріміздегі венчурлік инвесторлар үшін перспективалы алаң ретінде танытуға ұмтыламыз», - деп атап өтті Nomadiq Innovation hub басқарма төрағасы Олжас Жиенқұл.

Сондай-ақ, ЦДИА М және Nomadiq Innovation hub Сингапур аумағында қазақстандық ІТ-стартаптардың ынтымақтастығы және одан әрі дамуы туралы Меморандумға қол қойды.

Сингапурлық Innovation Hub — біздің шетелдегі үшінші жобамыз. Сингапур инновациялар мен технологиялық даму саласындағы әлемдік көшбасшы саналады. Сингапурда бизнестің өсуі мен дамуына қолайлы жағдай жасайтын жетекші технологиялық компаниялар, инвестициялық қорлар және белсенді стартаптар қауымдастығы шоғырланған. Тағы екі инновациялық хаб АҚШ-та (Silkroad Innovation Hub) және Сауд Арабиясында орналасқан, Эр-Риядтағы хаб ұлы философ Әбу Насыр Мұхаммед ибн Мұхаммед әл-Фарабидің атымен аталған.

**Gov.kz**

# ЖҰМЫССЫЗ ҚАЛҒАН ЖАСТАР 280 МЛН ТЕҢГЕ БЕРІЛЕДІ

NEET жастарына өздерінің әлеуметтік идеяларын жүзеге асыруға мүмкіндік беретін Zhas Project мемлекеттік жобасының нәтижесі белгілі болды. Жобаға жұмыссыз жастардан жалпы 4 мыңға жуық өтінім түскен, олардың ішінен 280 өтінім іріктеуден өтті, деп хабарлайды ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі.

ңір бойынша Жетісу, Түркістан, Қызылорда, Алматы облыстары мен Шымкент қаласының жастары белсенді түрде өтінім берді. Гендерлік көрсеткіш бойынша өтінімдердің 41,4%-ы ер адамдардан, ал 58,6%-ы әйелдерден түскен. Олардың дені — 26 жастан асқандар.

Шымкент қаласының жас тұрғыны Насиба Агзамова аутизммен ауыратын балаларға арналған глютенсіз печенье өндіруге 1 миллион теңге грант ұтты. Бұл өнім әртүрлі ертегі кейіпкерлер түрінде жасалады. Аутизммен ауыратын балалардың құрамында глютені бар тағамдарға аллергиясы немесе жоғары сезімталдығы болуы мүмкін, сондықтан оларға глютенсіз диета пайдалы болады деген теория бар. Сонымен қатар, Насиба глютенсіз тамақ өнімдерін өндіру технологияларын үйретуді қолға алуды жоспарлап отыр.

Мемлекеттік грант Қарағанды облысының тұрғыны Айтолқын Наушарбанға «Qazaq Stil» брендімен қазақи нақыштағы заманауи қолөнерді ұлттық нақышта әрлеу тігін цехын ашуға қажетті құрал-жабдықтарды сатып алуға мүмкіндік бермек.

Барлық өтінімдер Zhas Project жобасын жүзеге асыратын 10 өңірлік үкіметтік емес ұйымдар арқылы қабылданды.

Zhas Project жобасы ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің тапсырысы бойынша гранттық қаржыландыру аясында жүзеге асырылады.

**«Айғақ»-ақпарат.**

# ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ПРОБЛЕМАЛАРДЫ ШЕШУ ҮШІН ЖОЛ КАРТАСЫ БЕКІТІЛДІ



Республика бойынша атмосфералық ауаның жай-күйіне қатысты ҚР ЭТРМ экологиялық бақылау және реттеу комитеті төрағасының орынбасары Айдар Абдуалиев Орталық коммуникациялар қызметінде өткен баспасөз конференциясында айтты.

Оның айтуынша, республика бойынша 2023 жылы ластаушы заттар шығарындыларының нақты көлемі 2,5 млн тоннаны құрады. неркәсіп салалары бөлінісінде электр энергетикасына 37%, тау-кен металлургия секторына - 30%, мұнай өндіруге - 20%, басқа салаларға - 13% келеді.

Республика қалаларында атмосфералық ауаның ластануының негізгі себептері жылу көздері - ЖЭО, қазандықтар, өнеркәсіп, ескірген кәріз-тазарту құрылыстары, автокөлік және жеке сектор болып табылады.

« ндірістік объектілерден қоршаған ортаға шығарындыларды азайту мақсатында Министрлік ең ірі 50 өнеркәсіптік кәсіпорын үшін шығарындыларды 20%-ға төмендету жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекітті; өңірлердің экологиялық проблемаларын кешенді шешу бойынша Жол карталары іс-шараларының орындалуын бақылауды жүзеге асыруда. ңірлердің экологиялық проблемаларын кешенді шешу бойынша 18 Жол картасы бекітілді. 532 іс-шараның 204-і орындалды», - деп атап өтті спикер.

Сондай-ақ Солтүстік Қазақстан облысының Сергеевка қаласында кәріз желілері мен тазарту құралдарының құрылысы аяқталды, Арал қаласында қуаттылығы жылына 37 мың тонна ҚТҚ полигоны салынды, Ақмола облысының Аршалы ауданында жел электр станциясы іске қосылды, Түркістан облысында «Түркістан жылу» МКК қазандығы табиғи газға ауыстырылды, «Техникалық реттеу туралы» Заң қабылданды. Автожанармай құю станцияларында өткізілетін отын сапасын бақылау функцияларын уәкілетті органға беру көзделген.

**Елорда.**

# ҚАЗАҚ ТАЗЫ ТҰҚЫМДЫ ИТТЕРІНІҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КӨРМЕСІ ӨТТІ



Астанада Қазақстан кинологтар одағы ұйымдастыруымен иттер көрмесі өтіп, оның аясында арнайы халықаралық комиссия қазақ тазы тұқымының 100-ге жуық түрін зерттеді, деп хабарлайды ҚР Экология және табиғи ресурстар министрлігі.

«Тазы — қазақтың алғашқы ит тұқымы, қазақ халқының мақтанышы, Жеті қазынаның бірі. Қазір қоғам мен мемлекеттің біздің тұқымдарды сақтау және молайту жөніндегі күш-жігерін шоғырландыру, олардың гендік қорын деградация мен метизациядан қорғау және қолдау бойынша шаралар қабылдануда. Қазақтың ит тұқымдарын сақтау және өсімін молайту мәселелері заңнамалық деңгейде бекітілді, Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасының тиісті Заңына қол қойды», - деп атап өтті ҚР экология және табиғи ресурстар министрі Е.Нысанбаев.

Зерттеу нәтижесі бойынша комиссия көрмеде халықаралық кинологиялық федерацияның (FCI) бас комитетінің қазақ тазысын халықаралық тану және «Kazakh Tazy» брендін Қазақстанға бекіту туралы шешіміне негіз болатын қорытынды шығарылады.

Қазақстан Кинологтар одағының президенті Бауыржан Серікқали бұл көрме иттердің сұлулығын көрсету ғана емес екенін атап өтті. Қазақтың ит тұқымдарын халықаралық деңгейде тану үшін FCI міндетті талаптарының бірі — иттерді зерттеу.

Көрмеге қатысу үшін Қазақстан кинологтар одағы әртүрлі жас санаттары мен түстегі 100 итті іріктеп алды.

Астана.

# ҚР МЕКТЕПТЕРІНДЕ ЕМТИХАНДАР БАСТАЛДЫ

**Аптаның алғашқы күні еліміздің мектептерінде аралық және қорытынды емтихандар тапсыру кезеңі басталды. Емтихандар 11 маусымға дейін жалғасады, деп хабарлайды ҚР Оқу-ағарту министрлігі.**

**Биыл бірінші рет білім алушылардың оқу бағдарламаларын игеруін, оқу және жазу сауаттылығын айқындау мақсатында 5-8,10 сыныптар үшін 31 мамырға дейін қазақ тілінен емтихадар өтеді. Емтиханның нақты уақытын оқу орындары өздері белгілейді. Емтихан екі бөліктен тұрады: жазбаша және ауызша. Оқушылар эссе жазады, сондай-ақ, мәтінді оқу, әңгімелесу және мәтінді тыңдап түсіну бойынша өз шеберліктерін көрсетеді.**

**29 мамыр мен 10 маусым аралағында 9 сыныпты бітірушілер үшін қорытынды емтихандар өтеді, ал 11 сыныпты бітірушілер 28 мамыр - 11 маусым аралығында емтихан тапсырады.**

**«Ақтөбе облысынан 9 мектеп, Атырау облысынан 20 мектеп және Солтүстік Қазақстан облысынан 5 мектеп оқушылары бұл өңірлерде табиғи сипаттағы төтенше жағдай жариялануына байланысты аралық және қорытынды аттестациядан босатылды», - деп хабарлады ведомствоның баспасөз қызметінен.**

**Қорытынды аттестациядан барлығы 340 мыңнан астам 9 сыныпты бітірушілер, сондай-ақ биыл 11 сыныпты бітіруші 186 мың оқушы өтеді.**

# ШЫМКЕНТКЕ 1 МЛРД. 750 МЛН. АҚШ ДОЛЛАРЫ КӨЛЕМІНДЕ ИНВЕСТИЦИЯ ТАРТЫЛАДЫ



Шымкент қаласының әкімі Ғабит Сыздықбеков пен «Fujian Hengwang Investment Co., Ltd» компаниясының басқарма төрағасы Лю Юнмин қалада металлургиялық зауыт салу туралы меморандумға қол қойды. Меморандум алдыңғы кездесудің қорытындысы бойынша қол жеткізілген келісімдер аясында жасалды. Өткен аптада мегаполис басшысы инвесторларды аумағында зауыт салу жоспарланып отырған «Темір» индустриялық аймағымен таныстырды.

Айта кету керек, жобаны жүзеге асыру барысында компания қала экономикасына 1 миллиард 750 миллион АҚШ долларын инвестициялап, мың жаңа жұмыс орнын ашады. Үш кезеңдік металлургиялық зауыт бес жыл ішінде салынады. Жылдық өндірістік қуаты бес миллион тоннаны құрайды. Кәсіпорын экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін әлемдегі ең озық технологияларды пайдаланатын болады.

Қала әкімі компания басшылығына мегаполиске қызығушылық танытып, өнеркәсіп саласын дамытуға тікелей инвестиция салғаны үшін алғысын білдірді. Сондай-ақ, ол жобаны жүзеге асыруда, оның ішінде қажетті инфрақұрылыммен қамтамасыз етуде жан-жақты қолдау көрсетуге дайын екенін атап өтті. Өз кезегінде шетелдік инвесторлар бүгінде Шымкентте инвестиция тартуға барлық жағдай жасалғанына тоқталды. Зауыт іске қосылса, басқа да бірқатар жобаларды жүзеге асыру жоспарланып отыр.

Айта кетейік, Fujian Hengwang Investment Co., Ltd компаниясы болат өндірісі мен халықаралық саудада үлкен тәжірибесі бар Jiangsu Coastal Steel Group Co., Ltd ірі корпорациясының бөлігі болып табылады.

Естеріңізге сала кетейік, қалада қуаттылығы 500 МВт-қа дейін жететін комбинирленген циклді станса салу жобасы да жүзеге асырылуда. Құны шамамен 700 миллион АҚШ долларын құрайтын инвестициялық жоба электр тұрғындарды сапалы электр және жылу энергиясымен, сондай-ақ ыстық сумен қамтамасыз етуге бағытталған.

Сонымен қатар, ірі түрік компаниясы Alarko Holding жаңа форматтағы жылыжай кешенін салуда. 650 миллион АҚШ долларын құрайтын инвестициялық жоба жалпы көлемі 500 гектар аумақта екі мың жаңа жұмыс орнын кезең-кезеңмен құруға, азық-түлік қауіпсіздігін және жаңа өндірістерді енгізу арқылы жылыжай бизнесін дамытуға ықпал етеді.

---

## *Құрметті Шымкент қаласының тұрғындары!*

здеріңізге белгілі, қала әкімінің тапсырмасы бойынша балалар теміржолының аумағы жүгіру және велоспорт жолы, сондай-ақ воркаут алаңы бар жаңа жаяу жүргіншілер аймағына айналуда.

Осыған байланысты қала әкімдігі кәсіпкерлер арасында серуендеу алаңының (бұрынғы балалар темір жолының 2-станциясы) аумағындағы кофехананың үздік концепциясына конкурс жариялайды. Барлық кәсіпкерлер үшін қолжетімділікті қамтамасыз ету мақсатында бұл байқау ашық форматта өткізілуде.

Байқаудың негізгі шарттары:

1. Шымкент қаласында кәсіпкер болу.
2. Балалар теміржол вокзалының 2-станциясының тарихи келбетін сақтай отырып, кофехананың маңызы бар концепциясын (жоба эскизін) әзірлеу.
3. Біз барлық нормалар мен талаптарды, сондай-ақ қауіпсіздік жүйесін сақтай отырып, әртүрлі стильде (араб, бразилиялық, колумбиялық, еуропалық және т.б.) кофехана концепциясының дамуын қолдаймыз!
4. Тұжырымдаманы көрсетілген obrasheniya.akimat@ishymkent.kz электрондық мекенжайына жіберсеңіздер болады.
5. Жеңімпаздарды Шымкент қаласының әкімдігі бекіткен арнайы комиссия анықтайды.
6. Конкурс жеңімпаздарына учаскелер беріледі (1 аймақ — 315 ш.м., 2 аймақ — 315 ш.м., 3 аймақ — 90 шаршы метр, 4 аймақ — 230 ш.м., 5). аймақ — 300 ш.м.) қолданыстағы заңнама нормаларына сәйкес ұзақ мерзімге (ұзарту құқығымен 5 жылға келісім-шарт) көрсетілген аумақта.
7. Байқауға барлық қатысушылар қатыса алады.
8. Тұжырымдамаға авторлық құқық жобаны әзірлеушіде қалады.

тініштер көрсетілген электрондық поштада 2024 жылдың 22 мамырынан 2024 жылдың 27 мамыр сағат 9.00-ге дейін қабылданады.

**Қосымша сұрақтар бойынша 87252—24-75-15, 8701-100-00-93**

---

# Ғ.СЫЗДЫҚБЕКОВ: ҚАЛАДА ТЕК ТАЗАЛЫҚТЫ ҒАНА ЕМЕС, ҚОҒАМДЫҚ ТӘРТІПТІ ДЕ САҚТАУ МАҢЫЗДЫ

Шымкент қаласының әкімі Ғабит Сыздықбековтың төрағалығымен аппарат отырысы өтті. Жиынға қатысушылар Мемлекет басшысының тапсырмасына сай «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында салынған мектептердің құрылысы мен «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық акциясын өткізу мәселелерін қарады.

Мегаполис басшысы мәжілісте білім беру нысандарын заман талабына сай жабдықтауға баса назар аудару қажеттігін айтты. Сондай-ақ Ғабит Әбдімәжитұлы бұл жобаны жүзеге асыруға мүмкіндігінше жергілікті тауар өндірушілерді тарту маңызды екенін атап өтті.

Бұдан бөлек, барлық мектеп ғимараттары мен жиһаздары жайлы, қауіпсіз және оқушылардың білім алу қажеттілігіне сай болуы керек. Қала әкімі бос орындарға конкурс өткізу кезінде білікті кадрларды тартуға баса назар аударуды тапсырды.

Сонымен қатар, жиында қала әкімінің орынбасары Нұрсадық Ергешбек мегаполисте «Таза Қазақстан» республикалық акциясы аясында атқарылған жұмыстар туралы баяндама жасады. Спикердің айтуынша, қала әкімінің тапсырмасы бойынша Мемлекет басшысының тапсырмаларын сапалы орындау мақсатында жыл соңына дейін «Таза Қазақстан» экологиялық акциясын өткізу жөніндегі іс-шаралар жоспары бекітілді.

Қазіргі таңда акция аясында Қошқар ата өзенінің жағалауы, балалар темір жолы, магистральдық көшелер мен көпқабатты тұрғын үйлердің аулалары тазартылып, абаттандырылып жатыр. Апта сайын әр ауданда сенбілік өткізіліп, тазалыққа қала тұрғындары, еріктілер мен белсенділер атсалысуда.

Сондай-ақ, биыл бес аудандағы 20 көше көгалдандырылып, абаттандыру жұмысы жүргізіледі. Жалпы ауданы 376 мың шаршы метр көшелерді көгалдандыру жоспарлануда. Оның ішінде 7 мың қылқан жапырақты, 40 мың жапырақты ағаш отырғызылады. 46 ұңғыма бұрғыланып, автоматты суару жүйесі орнатылады деп жоспарланып отыр.

Жиын соңында қала басшысы аудан әкімдері мен басқарма басшыларына бірқатар нақты тапсырмалар жүктеді. Сондай-ақ Ғабит Әбдімәжитұлы қалада тек тазалықты ғана емес, қоғамдық тәртіпті де сақтау маңызды екенін атап өтті.

---

# ҚАЙТАРЫМСЫЗ ГРАНТ АРҚЫЛЫ ОҚУ ОРТАЛЫҒЫН АШҚАН ДИЗАЙНЕР

**Дизайнер Жаннұр Лесбекова қыз-келіншектерге тігіс тігудің қыр-сырын үйретуде. Күнделікті сұранысқа ие төсек жабдықтары мен перделердің сан түрлі үлгілерін меңгерген. Жұмыспен қамту шаралары аясында арнайы курстардан өткен қала тұрғыны былтыр қайтарымсыз грант қаржысы арқылы шағын кәсібін үлкен оқу орталығына айналдырды.**

**Ж. скенбайқызы 20 жыл бойы Ә.Қастеев атындағы Өнер және дизайн колледжінде оқытушы болып қызмет еткен. Елімізде алғаш рет қайтарымсыз грант беріліп жатқанда таныстары оған тігін тігуді үйретуін сұрап, сол арқылы бизнес-жоба қорғауға ниетті екенін айтқан. Жаңа бастаманы ол декреттік демалыста қолға алған.**



**- Сол кездегі шәкірттерім тігін бойынша грантқа өтінім беріп, комиссияда жобасын қорғады. Бүгінде өз кәсіптерін ашып, көлемді тапсырыстар алып отыр. Уақыт өте келе тігіншілік бет бұрған қыз-келіншектердің саны артты. Аядай ғимарат тарлық етіп, тігін құрылғылары да жеткіліксіз болды. Мен де бизнес-жобамды ұсынып, көпбалалы ана ретінде қайтарымсыз грантқа өтінім бердім. Комиссия бизнес-жобамды бірден мақұлдады. Қаражатқа өндіріске арналған автоматтандырылған тігін машиналары мен құрылғыларды, манекендер сатып алып, үлкен оқу орталығына айналдық, - дейді шебер.**

**Бүгінде кеңейтілген оқу орталығында келісім-шарт негізінде М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің «Дизаин» факультетінің студенттері өндірістік пәндер бойынша сабақ береді. Болашақ мамандар конструкциялау, модельдеу бағыттарынан бөлек құрақ құрау, кесте тігу секілді ұлттық қолөнер түрлерін де үйретуде.**

---

# МЕГАПОЛСИТЕ 272 МЕКТЕП ОҚУ ЖЫЛЫН ҚОРЫТЫНДЫЛАДЫ

Шымкенттегі барлық мектептерде бітіруші түлектерге «Мектебім, саған мың алғыс!» атты салтанатты іс-шара ұйымдастырылды.

Шараның құрметті қонағы ретінде ата-аналар мен қамқоршылық кеңесінің мүшелері, 10, 20 жылдық мектеп түлектері, ардагер ұстаздар және мектеп мұғалімдері мен 11 сынып оқушылары қатысты.

Жалпы биыл Шымкент қаласында білім басқармасына қарасты 272 мектеп оқу жылын қорытындылады. Қалада 13 286 оқушы 11 сыныпты бітірді. Оның 463-і "Алтын белгіге", 641-і үздік аттестатқа үміткер. Ал, 9 сыныпты 21 777 оқушы тәмамдаса, оның 1158-і үздік аттестатқа үміткер болып отыр.

Айта кетейік, соңғы қоңырау іс-шарасы кезінде түлектердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында ата-аналармен түсіндіру жұмыстары, мектептерде қатаң тәртіпте полиция және педагогтар тарапынан кезекшіліктер ұйымдастырылды.

*Тірілермен тірімін*

**Сабырбек ОЛЖАБАЙ,**
*Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты.*

# КҮМБЕЗДІ КӨКТІҢ ДАРА ЖҰЛДЫЗЫ

Өмір атты келте сапарда біз көбіне тіршілік иірімдеріне терең тартылғанымыз сондай, айналамыздағы жақсы, жайсаң жандарды бағалай алмаймыз. Оған көңіл қошымыз да соға бермейді. Мәңгі гұмыр кешетіндей, бәріне үлгеретіндей жайбарақаттығымыздан жаңылмаймыз. Ақырында аһ ұрып, бармақ шайнап қаламыз.

Әбілда Аймақ туралы ойлағанда мен үнемі осылай толғанамын. Физули атындағы Халықаралық сыйлықтың және «Құрмет» орденінің иегері Әбілда ақын небәрі алпыс жасында жасындай жарқырап, күмбезді заңғар көктен ағып түсті. Адам жатырқауды білмейтін, жаны жаз, көңілі көктем, білімі сел дариядай тасқындаған, ақындығы әдеби топта мойындалған, кестелі сөзімен көркем сурет сала білген оның өмір жолы да, өнердегі сүрлеу-соқпақтары да жеңіл болған жоқ. Тағдырдың талқысын, азабын аз көрмеді. Тұрмыс таршылығын, құ тіршілік тапшылығын тарта жүріп, зілмауыр ауыртпалықтарға арқасын аянбай тоса білді. Тырмысып, алға ұмтылды. Айналасына, адами затқа, өмір-дүрмекке түңіліп емес, үңіліп қарады.

Шын мәнінде Әбілда Аймақ тұңғиықтар тереңіндегі ақын еді. Оның қай өлеңін алып қарасаңыз да Ұлы Жаратушымызға деген шексіз махаббат табылатын.

«Бисмиллаһир — рахман — рахим!
Қадір түні жазайын өлеңді мен,
Шуағына Алланың бөленді рең.
Зікір салып келді ме періштелер,
Нұр қаптаған түн еді төбем кілең»

деп басталатын жыр жолдары кімнің де денесін дір еткізуші еді. Мен оның «Мен келгеннен қайтуға қам жасадым» деп басталатын өлеңінен қатты шошитынмын. Қатар жүргенде ол мұның сырын ашпады. Бәлкім, Алланың алдына адалдықпен, таза жүрекпен баруды ерте ойлағаннан шығар.

Ақынның алғашқы жыр жинағы «Жібек жолы» баспасынан шықты. Ол — «Ләйла» деп аталатын. Жұматайдай жауһардың Ләйласын білуші едім. Сөйтсек, бұл басқа Ләйла екен. Ләйланы араб тілінен аударсақ, «түн» деген сөз шығады. Мұхаммед (с.ғ.с) пайғамбарымызға Алланың кітабы — Құран түскен түн Ләйла-тұн Қадір аталатынын исі қазақ білсе керек. Сол «Ләйла» жинағының бөлімдері де бөлек, «Кие», «Жеті теңге — жеті жыр», «Тоғыз жұлдыз — тоғыз сөз», «Кәзотаға» болып келетін. Айталық, «Жеті жырында» ұлтының амандығын, имандылықтың жолында қаламгердің құрбан болмаққа ықтияр екені, түбі бір түркі жұртының бірлігі — қиын-қыстау кезеңдерден құтылып, бүтіндікке жетпектің жолы екендігі жырдың өлмес өзегіне, алтын арқауына айналған болатын. Қазақта жеті саны қашаннанақ қастерлі. Бұл күллі мұсылман әлеміне белгілі жағдай. Жеті қазына, жеті ықылым дүние, жеті жарғы, жеті теңге. Қайсыбірін айтамыз, Әбілда ақынның әрбір өлеңінде тылсым бір құдірет жатушы еді. Оны өлеңінде өзі де жазып кетті, «ойсызға сірә, сараңнан жаман, құпия болар тереңім».

Сол тереңнен құпияланған күйі Әбілда ақын ешкімге сыр ашпай, бар айтарын өлеңге сіңіріп, ғайыпқа сіңіп кете барды. Мұны батыр баба Бауыржан Момышұлының мына сөзінен де аңғарамыз. Ол «қысым көрмей, өнер қонбас» деп бекер айтқан жоқ. Нер қонды. Әбілдаға. «Сіңіп кеткен өлеңге жастайымнан, Адам емес, машайық шығармын-ау» деп те қояды қайбір қара өлеңінде. «Күн сәулесі түспей бір шаңырақтан, Жастайымнан құ тағдыр маңыратқан», «Жырым түгіл гұмырымды сыйлар едім, Қайтем, ана, мен сені танымаймын» дейтұғын өлең жолдары ақын өмірінің қиын сүрлеусоқпақтардан тұратынын аңғартады.

Кезінде Қазақстан Жазушылар одағы Шымкент облысаралық бөлімшесі Шымкент, Жамбыл, Қызылорда өңірін қамтитын. Осы бөлімшелерді қазақтың қабырғалы қаламгерлері Асқар Тоқмағамбетов, Омарбай Малқаров, Нәсіреддин Серәлиев басқарды. Беріректе Қазақстан Жазушылар одағының Оңтүстік Қазақстан облыстық филиалы атанғанда Мархабат Байғұт ағамыз жетекшілік етті. Ол кісі басқа қызметке ауысқанда орнына Әбілда Аймақ келді. Қоғамдық ұйымдардың қоғамдық жұмысын қоғамдық негізінде жиырма жыл ақысыз-пұлсыз атқарған Әбілданы Мархабат ағасы құрметтеп, «Шығармашылық шырақшысы» деп атады. Расында, ол Оңтүстік шығармашылық ортасының шамшырағына айналды. Әбілданы қашан көрсек те, әлдебір шығармашылық кешке асығып бара жататын еді. Түрлі кездесулер, тұсаукесерлер, мерейтойлар, шығармашылық кештер оның аяқ-қолын шырмап тастайтын. Оның ауызынан тастамайтын қалыпты бір сөзі болушы еді. Теледидарға сұхбат бергенде де, ауызекі әңгімеде де «Сіз білесіз бе?» деп алып, сұхбатын сабақтайтын. Сол әдетімен: «Сіз білесіз бе? Мені іздейді ғой» дейтін күлімсіреп. Расында, оның ішкі жан әлемі бүгінгіні байыптың болжайтын. Біз оны күн сайын іздейміз, сәт сайын іздейміз. Шығармашылық кештерде, кездесулерде, тұсаукесер мен мерейтойларда жүзі шырайланып, бал-бұл жанып отыратын ақынды шынайы сезіммен сүйген оқырмандары әлі де алаңдап, сағына іздейді.

Көпшіліктің көңілінен көшпейтін көрнекті қаламгер Әбілда Аймақтың жанында бірқыдыру уақыт жүруді Тәңірі бізге де нәсіп етті. Ана бір жылдары әлем әдебиеті алыптарының бірі Шыңғыс Айтматовтың сексен жылдығына орай делегация құрамында Бішкек қаласына сапарлағанымыз бар. Міне, сонда ортамызда ақ жаулын ақын Аймақ та бірге келе жатты. Делегация жетекшісі облыстық мәслихаттың депутаты, «Айғақ» телекомпаниясының бас директоры Дулат Әбіш ақынға үлкен құрмет көрсетіп, жол-жөнекей оны сөйлетумен болды. Сонда Әбекеңнің жан-жақты сауатты, білімдар екенін аңғарып, таңырқағанымыз бар. Осы сапардан қайтар жолда Әбілда ағаның «Құрмет» орденімен марапатталғанын естіп, бір марқайып қалған едік.

Мұнан соң артынша Астана қаласында өткен бүкілдүниежүзілік медиафорумға бірге қатыстық. Халықаралық К.Симонов және «Алаш» әдеби сыйлықтарының иегері Нармахан Бегалыұлы бастап, үш күн бойы қос бөлмеде поэзия кеші өтіп еді. Форумға бара жатып та, келе жатып та Әбілда ағаның автобус ішінде шабыттана өлең оқып, жүзі бал-бұл жайнап отырғаны еске түскенде ішім уылжып, жүрек сыздайды.

Ақжарма ақын Әбілда Аймақтың «Мерейлі мекен», «Ләйла», «Алтын бесік», «Жүрегімде махаббат», «Назқоңыр» жыр жинақтары, екі томдық таңдамалысы және «Домалақ ана кесенесі», «Жақсығұл мерген» атты прозалық кітаптары жарық көрді. Оның «Шәмшінің сағынышы», «Ордабасыға оралу» атты пьесалары Ж.Шанин атындағы академиялық қазақ драма театрында қойылды.



1992 жылы Алматыда ауыл қаламгерлеріне арналған (АҚҚҰС) жыр бәйгесі өтті. Міне, сонда Ә.Аймақ бас жүлдені қанжығасына бөктеріп қайтты. Бір топ өлеңі 1993 жылы республика ақындары шығармашыларының жабық конкурсында бас жүлдеге ие болды. 2003 жылы Францияда өткен Бүкіл түркі дүниесі әдебиетінің форумына қатысты. 2004 жылы Анкарада өткен Түркі халықтары ақындарының бәйқауында халықаралық Физули атындағы сыйлықтың лауреаты атанды. 2013 жылы республикалық «Айғақ» газеті жариялаған жазушы Оралхан Бөкей атындағы әдеби байқаудың бас жүлдесін иемденді. Ол Қараулбек Қазиев атындағы сыйлықтың иегері. Ордабасы ауданының құрметті азаматы. Ә.Аймақтың өлеңдеріне Сүгірәлі Сапарәліұлы, Құралай Сәтмұхамбетова, Марат Омаров, Лесбек Аманов, Нышан Төлегенов, Қыдырғали Көбентай, Ибрагим Дәрібаев, ктем Алтаев, Жарылқасын Дәулетов, мірзақ Оспанов, Рысты Әлімбетова, Бақыт Алтаев, Құрманәлі Жылқыбай, Мұхтар Қуандықов, тағы басқалар ән шығарды. Бұлардың көпшілігі сахналарда орындалып жүр. Солардың ішінде Құралай Сәтмұхамбетованың «Жас жұбайлар жыры», Сүгірәлі Сапарәліұлының «Құдашасы», Марат Омаровтың «Махаббат әлемі», ктем Алтаевтың «Бейтаныс ару» әндері Қазақстан көгінде жиі қалықтайды.

Осыдан біраз жыл бұрын Қазақстан Жазушылар одағының жыл қорытындысына арналған жиналысында көрнекті ақын Сәкен Иманасов поэзия туралы баяндама жасады. Сонда ол «Әбілда ақынның көптің бірі болып көмескі қалмай, ауыз толтырып айтуға әбден боларлық қомақты іс тындырғанын байқадық. Поэзия деп аталатын күмбезді зеңгір көкке алыстан менмұндалап көрінер бір шоғыр дара жұлдызын, өз жұлдызын қадай білген екен» деп мұны дәлел-дәйектермен нақтылап еді.

Иә, поэзия аталатын зеңгір көкке өз жұлдызын қадап кеткен Әбілда Аймақтың отты жырлары, парасатты поэзиясы өлмейді. Біз енді оның қуатты жырларынан жылынамыз, жұбаныш табамыз.

Алдамшы өмір дегеніңіз осы!

## ӘБІЛДАНЫҢ ӘЗІЛДЕРІ

Бірде Әбекеңнің ауылдағы жақын ағасының келіншегі облыстық перзентханаға түсіпті. Қатты қиналған жеңгесін алып келген Мәрия шешей Әбекеңнің үйіне соғыпты. Шай ішіп отырып әңгімесін бастаған кейуана:
–Әбілда шырағым, жеңгеңді қалаға алып келдік. Қайдам, әйтеуір, бірінші босануы еді. Роддомдағыларды да танымаймыз. Сені жағалап келіп отырмыз, ол жердің доқтырлары қандай еді? — депті.
— Қайдам шеше, қандай екенін? Мен де ол жерде босанып көрмеген едім, — деген екен.

***

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары газеттердің қосымшалары да жарық көріп, «Демалыс», «Айғақ — Махаббат», «Қызық газет» деген секілді басылымдар жиілей бастапты. Әбекең «Маса» атты тәуелсіз газеттің редакторымен бір отырыста қатар отырып қалыпты. «Масаның» редакторы Мамытбек Жаңбыров:
— Осы тәуелсіз газеттердің қосымшалары шығып жүр ғой. Мен де «Масаның» қосымшасын шығарсам ба деймін. Бірақ оның атын не деп қоярымды білмей жүрмін, — деп дағдарып, жан-жағына қарапты. Сонда Әбекең:
— Оған бас қатыратын түк те жоқ. Қосымшаңызды «Кене» деп қоя салыңыз»,— депті.

***

Әбекең тәуіпке барыпты. Аппақ киімді аппақ келіншек ақынның тамырын ұстап отырып:
— Сіздің жүрегіңіз әйелдің жүрегі екен, — депті. Оған шыдай алмаған Әбекең:
— Ойпырмай, жүректің де еркек, ұрғашысы болады екен-ау. Ендеше өзім еркек, жүрегім — әйел, өмір қалай болар екен? — деп тәуіпті келемеждепті.

***

Осыдан біраз уақыт бұрын Келес өңірінде белгілі ақын Тоқаш Бердияровтың 70 жылдық мерейтойы болды. Оған жан-жақтан көптеген ақын-жазушылар қатысты. Сол тойда болған, марқұм Беркін Қалмахановтың естелігінде мынадай бір әңгіме бар: «Сол тойға қатысқан Ханбибі Есенқарақызы Әбілда ақын туралы айта келіп:
—Әбілда—артымыздан ерген тайлақ,—деді,
Оған іле-шала Мархабат Байғұт:
— Оның фамилиясы — Аймақ, — деді.
Сол ауылдағы збекәлі Дүйсебаев деген ақын да қалыспай:
— Бәрімізді осында келген айдап, — деді.
Ақын Қабылбек Төретайұлы артынша:
— Бәрімізді Жазушылар одағына қойған байлап, — деп түсіндіріпті.

# Қаламдастардан қалған сыр

Әбілда ақынның жырлары классикалық өлеңдер. Мен оны оқып шықтым. Бір өлеңінде:

«Түк таппай пенделердің сенімінен,
Анда-санда байларға еріп үрем»-дейді.

Бұлай деп қазақта Әбілдадан басқа әлі ешкім айтқан жоқ.

**Фариза О-ҒАРСЫНОВА,**
*Қазақстан Мемлекеттік сыйлығының лауреаты.*

Қазір жұрт өлең оқудан гөрі басқа кәсіпке ауысыңқырап тұр ғой. Бірақ қандай заман болып жатса да біз рухани байлығымыздан, әдебиетімізден кете алмаймыз. Мен оған шексіз сенемін. Сондықтан да, мен күндіз-түні өлең жазамын. лең тек қана анасындай, баласындай болғанда ғана ақыннан бір нәтиже шығады. лең жазып жүргендердің көбі мұның үдебарасынан шыға бермейді. Ал, өлеңді туған анасындай, баласындай көрген ақынның бірі Әбілда Аймақ деп білемін. Әбілданың өсе беруіне, өне беруіне, жарқырап жана беруіне тілектеспін.

**Тұманбай МОЛДАҒАЛИЕВ,**
*Қазақстан Мемлекеттік сыйлығының лауреаты.*

Ақын жырындағы лирикалық кейіпкердің:

Пенделердің үміті
Ойлап тұрсам түк емес.
Орындалмай арманым,
Жаным менің түлемес.
лең-жырсыз қайткенмен,
Менің күнім күн емес,–дейтін асқақ арманы, өлеңді өзіне ғашық ететін асау сезімі жырды түсініп, ұғына білген оқырман жүрегін нұрға шомылдырып, рухы терең бастауларға жетелейді.

йткені, ақынның рухы биік, тылсымы терең, асылы текті.

**Мекемтас МЫРЗАХМЕТҰЛЫ,**
*Филология ғылымының докторы, профессор.*

Ақын өлеңдерінде халқымыздың таным-білімі, салт-дәстүрі, сенім-нанымы жан-жақты көрініс табады. Бұрынғы өткен шығыс шайырларында кездесер өнегені өрістетіп, тереңдете түспекке тырысқан ақын соны сүрлеулер салып,тың тыныс тапқандай.

**Мархабат БАЙҒҰТ,**
*Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты.*

### *Өлең маған ғашық-ау, мен өлеңге...*

*Көңілімде гүлдеген,
Маған қарап күлді өлең.
Өспей жатып қазақтар,
Бірін-бірі күндеген.*

*Бәрін-бәрін білді өлең,
Ит қалмады үрмеген.
Шырт ұйқымнан оянып,
Тұрып кеттім түнде мен.*

*Арпалыстым мұңменен,
Буындырып бір көген.
Ісіп-кепті бір інім,
Аяқ доптай үрлеген.*

*Күн деген де түн деген,
Мезі болып жүр менен.
Қайран Абай алысқан,
Жалғыз өзі мыңменен.*

*Сөйлейтұғын пүлменен,
Сырды біліп сүрлеген.
Бізге қарап осы күн,
Дос қалмады күлмеген.*

*Жағаласып мұңменен,
Қашып келем «түрмеден».
Өспей жатып қазақтар,
Бірін-бірі күндеген.*

### *Мен – қазақ баласы*

*Немеремнің өлеңі*

*«Алтын күн аспаны,
Алтын дән даласы».
Даланың дастаны –
Мен қазақ баласы.*

*«Алтын күн аспаны,
Алтын дән даласы».
Сыйлаған басқаны,
Мен қазақ баласы.*

*Шежіре тастары,
Алланың Алашы.
Кетпеген қаспағы
Мен қазақ баласы.*

*«Алтын күн аспаны,
Алтын дән даласы».
Әлемнің асқары,
Мен қазақ баласы.*

*«Алтын күн аспаны,
Алтын дән даласы».
Адамзат асқары
Мен қазақ баласы.*

*Сөзінің астары –
Жүректің жарасы.
Аламан жастары
Мен қазақ баласы!*

***

*Мен келгеннен қайтуға қам жасадым,
Өмірдің де арнадым талма шағын.
Иман тілеп Алладан, Құран оқып,
Кәлимамен тірлікте жанды ошағым.*

*Иманменен қайтудың қамын ойлап,
Азап шекті жаманнан жаным айлап.
О дүние мен бұ дүние арасында
Жолға шыққам сайланып, я Құдайлап.*

*Бісмілла деп ақырын жүріп келем,
Бісмілласыз сөздерім бірікпеген.
Көпірлердің отына кез келгенде,
Жаны ышқынып опынып үрікті өлең.*

*Жауап беріп Алланың сынағына,
Сәуле қостым адамзат шырағына.
Әуелгіде Иассауи көзін ашқан
Қосылсам деп бұлқындым бұлағына.*

*Жан-жағымнан табылып
барға күлер,
Ақындардың осы ма талғамы дер.
Қосылдым ба, жоқ әлде тыс қалдым ба?–
Пенде емес, анығын Алла білер.*

***

*Көне жырдың сүресін көп
жаттадым,
Өлең – менің нағашым,
жегжаттарым.
Білесің бе, өлеңнің жүрегінде
Қазақ дейтін ғажайып ел
жатқанын.*

*Өлең – менің ағайын, туысқаным,
Көк ту етіп көтерген ұлыс қамын.
Керқұла атты Кендебай секілденіп,
Жырым барда ешкімнен
ығыспадым.*

*Түншығамын кейде бір ойға құлап,
Көзі ашылмай көңілде қойма – бұлақ.
Құдаларды күтісіп өлеңдерім,
Жасамайды қызмет тойда бірақ.*

*Тай әкелмес тойыма өлеңдерім,
Маңырап тұрар кей-кедей көгенде мұң.
Өлең болып кеткенім кімге керек,
Сағым сынып көп жерде төмендедім.*

*Көзден қана ақшаны, қаражатты,
Кетіп қалсам, ішімде нала жатты.
Пенделермен пенде боп жүргенімде,
Өлең менен биіктеп бара жатты.*

# ТЫҢНАН ТҮРЕН ТАРТҚАН ТЫНЫШБАЕВҚА 145 ЖЫЛ

Осыдан 145 жыл бұрын Алаш қозғалысының көрнекті қайраткері, қазақтан шыққан тұңғыш теміржолшы инженер Мұхамеджан Тынышбаев дүниеге келді. Тарихшы-ғалымның есімі бүгінде білім ордасы саналатын мектептерге берілген. Солардың бірі Қызылкөпір елді мекенінде орналасқан "Мұхамеджан Тынышбаев атындағы жалпы білім беретін мектеп". Осы орайда Тынышбаевтың мерейтойына арнап жиен немересі арнайы келді. Аталған білім ұясында Тынышбаевтың 145 жылдығына орай, жиен немересі тағылымды шарада бірегей тұлғаның өмір жолын оқушыларға таныстырды. Шарада оқушылар сахна төрінде өнерлерін көрсетіп, жаңқты тұлғаға арнап жыр шумақтарын оқыды.

